№45
"Алтын бала"
бөбекжай - балабақшасы

# 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

# ПО ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА НА 2023-2024 УЧЕБНЫЙ ГОД

# Педагогикалық құрам сапасы:

| Білімі: | Санаты: | Жаңа санат: | Біліктілік арттыру: |
|---|---|---|---|
| Жоғары білімді: 20 педагог | Жоғары санатты: 0 | Шебер-педагог: 0 | «Өрлеу» БАҰО: 20 |
| Бейіні бойынша жоғары білімді: 14 педагог | I санатты: 1 | Зерттеуші-педагог: 3 | ПШО: 12 |
| Арнаулы орта білімді: 11 педагог | II санатты: 3 | Эксперт-педагог: 2 | Басқа курстар: 6 |
| Бейіні бойынша арнаулы орта білімді: 9 педагог | | Модератор-педагог: 8 | |
| | | Санатсыз педагог: 13 | |
| | | | |

# 2023-2024 оқу жылының негізгі міндеттері:



- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.



## Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтарға келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.



Қазіргі кезеңде адаммен табиғаттың дәстүрлі өзара әрекеті жаһандық экологиялық проблемаға айналды. Егерде адамдар таяу арада табиғатты қорғауды үйренбесе, онда олар болашағына зиян келтіреді, оның алдын алу үшін экологиялық мәдениет пен жауапкершілікке тәрбиелеуіміз қажет. Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі жастан басталуы тиіс, себебі балалық шақтың осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсерде болады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсінік, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтері қаланады.

# Назар аударыңыз!

**Білім беру ортасының белгілі бір сапасын, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етпейінше бала тұлғасының толыққанды дамуы мен денсаулығын сақтау мүмкін емес. Қауіпсіздік – тұлғаның қалыпты дамуы, қоғам, әлеуметтік орта үшін қажетті жағдай.**

**Қазіргі әлемде ешкім техногендік апаттардан да, табиғи апаттардан да сақтандырылмаған. Бүгінде өмірдің өзі ересектерді ғана емес, мектеп жасына дейінгі балаларды да өмір қауіпсіздігі негіздеріне оқыту қажеттілігін дәлелдеді.**

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының критерийі

- қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес нормалар мен талаптарды сақтау;
- оқу бағдарламасының міндеттерін сапалы іске асыру;
- педагогтердің құзыреттілігінің жоғары деңгейі;
- ортаның қол жетімділігі және дамытушы заттық-кеңістіктік орта жағдайларына сәйкестігі;
- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық жарақтандырылуы;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналардың тәрбие мен оқыту процесіне қатысуы.



- Мектепке дейінгі ұйым жылына 3 рет мониторинг **(бастапқы, аралық, қорытынды)** арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын іске асыру сапасына ішкі бағалау жүргізеді.

# Жылдық міндеттерді жоспарлау:

1. Педагогтардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру Бұл бөлімде кадрлармен жұмыс жүйесі жоспарланады:

- біліктілікті арттыру курстарынан өту (сараланған тәсілді ескере отырып, педагогтердің әртүрлі санаттары үшін);

- аттестаттауға дайындық және аттестаттау;

- кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтардың әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы;

- педагогтардың өз білімін жетілдіруі.



# 2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық жұмыс



- шығармашылық топтардың жұмысы;
- - педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
- - озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
- - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
- - жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;
- - кеңес беру;
- - семинарлар, семинар-практикумдар;
- - ашық есік күніне қатысу;
- - шеберлік сыныптары;
- - инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
- - эксперименттік әрекетке қатысу
- - әдістемелік кабинетті жабдықтау және материалдармен толықтыру.

## 3.Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас:

- балалардың, ата-аналар мен педагогтардың бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық);
- ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету.



4. **Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.** Келісім шарттар жасалған мектептермен және ұйымдармен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша ісшаралар жоспарланады.

5. Мектепке дейінгі ұйымдарда **жазғы сауықтыру кезеңін** ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

6. **Бақылау:** бақылау түрлері мен мазмұны. Бұл бөлім мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы бақылау-диагностикалық қызметімен байланысты және ішкі бақылау жүйесі ретінде ұсынылады. Мұнда бақылаудың түрлері мен нысандары жоспарланады (шұғыл, тақырыптық, кешенді, фронтальды).

7. **Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.** Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыстар жоспарланады: - жөндеу жұмыстары, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жарақтандыру және толықтыру және т. б.

# Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);
- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);
- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі);
- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы); -
- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әркеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

# МДҰ педагогының жүргізетін міндетті құжаттамасы

1

- Перспективалық жоспар

2

- Циклограмма

3

- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторинг

Шаблоны презентаций с сайта

# Педагог келесі функцияларды атқарады:

– перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму картасын» толтырады;

– ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;

– таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;

– балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;

– ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;

– білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);

– ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс- шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

***Перспективалық жоспарды*** Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады. Педагог міндеттерді балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертуге немесе түрлендіруге болады.

- Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.
- Циклограмманың құрылымы мектепке дейінгі ұйымның  күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.



# Педагог әрекетінің алгоритмі:

**1**

- Балаларға айтып беру

**2**

- Балаларға көрсету

**3**

- Балалармен бірге орындау

Шаблоны презентаций с сайта




Ортаңғы топтан бастап ***мемлекеттік тілді*** меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.



Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі (штаттық кестеге сәйкес қазақ тілі маманы болған жағдайда), дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері кесте бойынша өткізіледі. «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Математика негіздері», «Сенсорика», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» ұйымдастырылған іс-әрекеттері әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке балалардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылады



Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекет тек топ бөлмесінде ғана емес сондай-ақ қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттер болған жағдайда кабинеттерде, дәліздерде, ойын алаңдарында, серуен кезінде және т.б. балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

# Назарларыңызға рахмет!



№45 "Алтын бала" бөбекжай - балабақшасы

# «Дарынды балалармен жұмыс жоспарын талқылау,шығармашылық дағдыларын қалыптастыру»

***2023 – 2024 оқу жылы***

# Мақсаты

***Бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре  дамыту, жетілдіру.***

***Баланы жан-жақты шығармашыл, ақыл-ой қабілеті дамыған, өзін-өзі жоғары деңгейде көрсете алатын тұлға ретінде қалыптастыру.***

# Міндеттері

- Балалардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру;
- Балалардың шығармашылық жеке дарындылығын дамыту;
- Дарынды баланың шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына ықпал ету.

**Дарындылық -** зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейі.

**Талант -** музыка, өнер, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б. салалардағы жоғары деңгейі.

# Дарынды балалармен жұмыс жоспары

**Бірінші кезең.**
Ерекше қабілетті балаларды анықтау

**Екінші кезең.**
Балалардың қабілетінің бағытын анықтау

**Үшіші кезең.**
Ой -өрісін дамыта түсу үшін жұмыс жүйесін құру

**Төртінші кезең.**
Ерекше қабілеті бар балалармен жекелеген жұмыстар жүргізу

## Балалардың дарындылығын анықтауда төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданамыз:

- Баланың отбасылық жағдайын зерттеу.
- Шығармашылық қабілетін анықтау
- Шығармашылық сайыс,ән,б и театр
- Конкурс, түрлі сайыстарға қатысу

# Дарындылықты аспаптар арқылы дамыту жолдары



# Кіші және ортаңғы топтарға арналған аспаптар







# Ересек және мектепалды топтарға арналған аспаптар



# Қорытынды

-Әр жұмыс түрлері талданып, сараптама жасалып отырады:

-Дарынды балаларды, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстырып, қабілеттерін дәлелдеу.

-Дарынды баланы бақылауға, дұрыс бағыт беруге, жеке тұлғалық дамуына мүмкіндік туғызады.

-Жас ерекшелігін ескере отырып қабілетіне қарай баланы жүйелі дамытып, қолдау көрсетіп отырса келешек балаларымыз мемлекетімізге әкелер үлесі зор болады.

# Назарларыңызға рахмет !!!



№45 «Алтын бала» бөбекжай - балабақшасы

# «Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту»

**Дайындаған: Молдан А.Б**

**Ақтөбе**

## Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту

*Көкейкестілігі:* Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын.

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес. Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез рольімен ойнар еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады.

Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Н. К Крупская: Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі. Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театрлық іс - әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой - өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан - жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды.

Театрландырылған ойындар желелі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады.

**Мақсаты:**
- Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру;
- Қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.

- Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу.

- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

**Міндеттері:**
• Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту.
• Балаларды адамгершілікке баулу.
• Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.
• Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

**Әдіс-тәсілдер:**
- балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, кастюмдар т.б.)
- ата-аналармен жұмыс: қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру, газеттер, жылжымалы папкалар шығару, қажетті жабдықтар дайындауға көмектесу.

**Жұмыстың нәтижесі:**

Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі:

- балалар тілі дамиды;

- сөздік қорлары толығады;

- байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;

- дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;

- театр өнеріне деген қызығушылықтары артады.Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Театрландырылған ойындар желелі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, содай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған.

**Театрландырылған ойындар ойын** – қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке,

мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі,қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көрністеріне таңқалдырып,өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы баска көріністер арқылы біреуге үйретеді

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Балабақшадағы театрландырылған іскерлік бағдарламасы: 5 бөлімнен тұрады.

**Театрландырылған ойын.** Кез келген өмірлік мән жайда өз құрбыластарымен және үлкендермен қарым-қатынас жасай білуге, кез-келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамыту. Бұл бөлімдегі ойын 3-ке бөлінеді:

- дамытушылық
- әсемділік
- театрлық.

**Ырғақтыиілгішті (ритмопластика)**– бұған кешенді (комплекст) ырғақтылық, музыкалық, иілгіштік ойындар мен жаттығулар кіреді. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда, өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым-қатынасын сезінуге балаларды эстетикалық, психологиялық қабілетін дамытады.

**Сөз мәдениеті және техникасы.** Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрлымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген. Бейнелеу арқылы сөйлетуін дамыту, шығармашылық фантазиясын дамыту, шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге үйретеді. Жаттығулар 3-ке бөлінеді:

- тынысалу және артикуляциялық
- дикциялық және интонациялық
- сөздермен шығармашылық ойындар.

**Театр мәдениеті:** Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

**Қойылыммен жұмыс** – жанама бөлім, авторлық сахналауға негізделген. Оған кіретін тақырыптар.

- қойылыммен таныстыру
- қойылымды мазмұндап, талдау, кейіпкерлендіру.
- Қойылымға қажетті құралдар дайындау. Көріністі безендіру

- Дайындық
- Қойылымды саханалау.

**Театралдық ойынның жіктелуі**

**Драматизация** **Режиссерлық**

Драматизациялық ойында бала – артист, интоноция, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын – драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері:

- жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны;
- мәтін бойынша негізделген диалог, маналог, рөлдік ойындар;
- шығармашылық көрсетілім;
- бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойлым қою.

Ал драматизация ойынның екі түрін қарастыруға болады.

1.Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

1.Қуыршақ бибабомен ойын – драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабаоны киеді. Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады.

Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахана қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады.

**Балалар театырының бірнеше түллері бар:**

**Ең көп тараған түрі-ойыншықтар театры** -Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – маринеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биктігі баланың биктігіндей болады. Бала өзіне кастюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойынына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен

көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалрдың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

**Саусақ театрында**– саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

**Үстел үстіндегі театры -**Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады ( олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қойады); ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар).

**Суреттер (картиналар) театры -**Декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

**Стенд-кітапша театры -** Бірін-бірі ауыстыратын иллюстрациялық оқиғалар көрсетіледі. Стенд-кітапшаның беттерін ашу арқылы жүргізуші әр түрлі сюжеттерді көрсеттеді (оқиғалар, кездесулер ).

**Фланелеграф театры -** Суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

**Трафарет театры -**Трафарет театры арқылы сөз құрамының байлығын, диалог, монологты дамытуға болады. Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Ұжымдасып жұмыс істеу үрдісінде әрбір бала өзіне берілген бейненің түр-тұлғасын, қимыл- қозғалысын өзгерте алады.

**Көлеңкелі театр -** Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына карауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке таетрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсеттеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жұқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

**Күтілетін нәтиже:**

Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады;

Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды;

Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіреді.

Театрландырылған ойындар ойын - қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қоймаларға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан – жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Театрландырылған ойындар балалардың ой - өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата - аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Ертегіден үзіндіні ойнау- әр түрлі мінез- құлықтармен өткізіледі.

Режиссерлық ойын (құрлыс және дидактикалық материалдармен)

Ертегі балаларға ерекше айқын эмоционалді оқиғаны әңгімелейді. Ертегідегі кейіпкерлердің суреттін салуға бояуға үйрету.

Үстел үстіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттінен кейін ойнатуға болады. Онда балалардың өздерінің шығармашылықтары арттады.

Театрландырылған ойынды басқару негізіне әдеби шығармашылық мәтінмен жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек.

Әр түрлі жастағы бала бақша топтарында жүргізілеттін театр – ойын іскерліктерін дамыту жұмыстарының мазмұнының ерекшеліктері.
Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінге балалардан эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тәрбиеші, дайындық топтарының балалары сәбилерге кішігірім спектакелдер көрсетеді, бұған әр түрлі театр түрлері қолданылады: бәрімізге таныс картиналар театры (фланелограф), саусақ театры. Сәбилердің ынталарын, әр түрлі түстерді ажырата алуына көмектеседі. Сәбилер тобындағы балалар ертегінің мәтінін өздері қайталамау үшін, олар берілген іс-әректті орындайды. Мәтінді тәрбиеші 2-3 рет оқу қажет. Рөлмен ойнау балалардың елестету белсенділігін арттырады, өз бетімен шығармашылық ойынға дайындалуға көмектеседі.

Театрландырылған ойынға қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ театрының қойылымын көру көмектеседі. Оны тәрбиешінің өзі немесе дайындық топ балалары көрсетеді. Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде балаларды мадақтау, мақтау үшін, олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады.
Күнделікті ойнайтын ойындарды кеңейтіп, драматтизация ойынның әр түрлігін меңгеру арқылы, балаларды қатыстыра отырып ойын тапсырмаларын біртіндеп қиындата түсу керек.

Адамдар, жануарлар және құстардың әрекеттерін ойын арқылы келтіру. Адамның негізгі эмоциясы (күн көрінді – балалар қуанады, күледі, алақандарын соғады, орындарында секіреді)

Кейіпкердің эмоциясын біреу арқылы іс- әрекеттің бірізділікпен байланысындағы ойын- әрекеті.

Жақсы таныс ертегілер кейіпкерлерінің бейнесіндегі ойын - әрекеті.

Музыкалық ойын- әрекеті.

Тәрбиешінің оқуы арқылы бір кейіпкермен мәтіндегі өлең арқылы ойын - әрекеті.

Қысқа ертегі, әңгіме, өлеңдердің мәтінін тәрбиешінің айтылуымен қойылатын ойын - әрекеті.

Ертегі кейіпкерлерімен рөлдік диалог.
Жануарлар ертегілерінің бөліктерін сахналау.

Халық ертегілеріндегі бірнеше кейіпкерлерді драматизациялық ойындармен әрекеттеу.

Ойнау дағдыларын дамыту жағдайында ойнау тәжірбиесін толықтыру.
Бірінші топ. «Көрермен» позициясын меңгеруге үйрену.(жақсылықпен қарайтын, аяғына дейін тыңдайтын, қолдарын соғатын, артистерге рахмет айтатын).
Екінші топ. «Артист» болуға 1-ші қадамын жасауға үйрену. (мимикасын, қозғалысын, күшін, дауыс ырғағын, сөз ырғағы) арқылы кейіпкерге ену.
Үшінші топ. Ойынның басқа қатысушыларымен қарым-қатынас жасай білу, дауласпай, кезекпен тартымды рөлдер ойнау.

Ортаңғы топтағы балалар «өз үшін» ойынан бала біртіндеп көрермендер үшін жасалған қойылымға ауысады. Бұл жастағы балалардың театрландырылған ойынға қызығушылықтары тереңдей түседі.
Ортаңғы мен ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы арттады. Қандайда да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.
1.Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылады.
2.Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады.

3.Сұрақ – жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отыру.

4.Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау.

Дайындық топтарындағы балалардың театрландырылған ойындары қиындай түседі. Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән- күйлер мен билерді кіріктіріп отыру қажет . Мысалы, «Үйшік» ертегісінде әр кейіпкерлердің сахнаға шығуын «Қонақ келсе құт» деген мақалмен бастауға болады. Театрлық ойынға қатысушы даярлық тобының балалары кейіпкерлердің мінезін, жүріс- тұрысын, әдеттерін айнытпай салып көрерменге иланымды етіп ойнауы үшін, талмай жаттығулар жасау керек.
Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, күйінікті-сүйінікті сезімдеріне сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянды. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарын байланыстырып өткізгенде, әр сабақтың соңы әрқашанда дерлік ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырды. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырылды, сөйтіп олардың белсенділігі артады, сабақтар мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, сабаққа ынталана, құштарланып қатысып отыруға мүмкіндіктер туады.
Осындай жұмыстар атқарылған топтардағы балалардың басқа топқа қарағанда ерекшелігі өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болды. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде

ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылды. Топ ішінде емін- еркін жүріп, өздеріне сабақ уақытында керекті ойын құралдарын өздері таңдап алып отырды.

Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді.

Балалық шақ – адамның ең бақытты және уайымсыз кезеңі ғана емес, сонымен қатар бұл - тұлғаның қарқынды қалыптасу кезеңі. Балалық шағында қалыптаспаған нәрселердің орнын үлкен адам кейіннен толықтыра алмайды. Баланы оқуға мұқтаждау барысында біз одан ойынды, демек, балалық уайымдарды, талпыныстар мен қатынастарды тартып алатынымызды есте сақтап, ұмытпауымыз қажет.

№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы

**Тақырыбы: Тәрбиешілерге арналған « Театр сақинасы»**

**Іскерлік ойыны.**



**Ақтөбе 2024жыл**

**Тәрбиешілерге арналған "Театр сақинасы" іскерлік ойыны**

**Мақсаты:** мұғалімдердің театрландырылған іс-шаралар туралы білімдерін кеңейту, оны мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде қолданудың орындылығын көрсету.

**Тапсырмалар:**

* Қатысушыларға мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмыс әдістерімен танысуға мүмкіндік беретін ересектердің қатысуымен бірлескен театрландырылған іс-әрекет процесінде қолайлы психологиялық атмосфера құру.

* Қатысушыларды көркемдік - эстетикалық дамудың мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмыс формаларымен таныстыру.

* Адамның адамгершілік қасиеттері туралы идеяларды, жақсы бастаманың жеңісіне деген сенімділікті дамыту. Өзінің мәнерлілік құралдарын, сондай-ақ коммуникативтік және әлеуметтік қасиеттерін көрсете отырып, пластиканы, моториканы ,маақ сезімін, музыкалық қабілеттерін дамыту.

**Ойын ережелері:** ойынға 2 команда қатысады. Ойын 7 раундқа бөлінген. Әр раундта мұғалімдер ұпай жинауға мүмкіндік алады, әр кезеңнің қорытындысы бойынша және ойын соңында қорытынды жасайды.

**Қозғалыс**

**1 бөлім (Теориялық).**

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгін мен сіздермен бірге Театрдың сиқырлы әлеміне енгім келеді.

Мұны істеу үшін сізге өте аз қажет: тілек пен жақсы көңіл-күй.

Театр-педагогика мен психологияның адамгершілік және көркемдік тәрбиеге, қиялды дамытуға, тәуелсіздікке, бастамашылыққа және т. б. байланысты көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін ең қолжетімді іс-шаралардың бірі.

Біздің балалар балабақшада не істегенді ұнатады деп ойлайсыз? (Жауаптар).

Сіз біздің балаларымыздың көп ойнайтынын байқадыңыз. Жасыратыны жоқ, ойын балабақшадағы жетекші қызмет түрі болып табылады.

Театрландырылған әрекеттерді балалар ойын ретінде қабылдайды, сондықтан балаларды оған тарту оңай.

Бала толығымен босатылады, үялшақтықты тоқтатады, ал ересек адамның көзге көрінбейтін әсерімен ол пластилин сияқты икемді болады.

Осы немесе басқа ойын жағдайын жасай отырып, сіз қойылған дыбыстарды бекітіп, сол немесе басқа грамматикалық тұрғыдан жұмыс жасай аласыз.

**II раунд "театр терминдері" кроссвордын шешу.**

Екі команданың үстелдерінде кроссворд бар. Кроссвордты шешкен бірінші команда тапсырманы орындау туралы сигнал береді.

1. Пьеса ұсынылатын орын / / сахна//.

2. Маусымдық плакатқа енгізілген пьесалар тізімі//репертуар//.

3. Актердің келбетін арнайы бояулармен өзгерту өнері, олар бетке жағылады, бұрын бояулармен майланған және оңай алынып тасталады //макияж//.

4. Суретшінің сахна мен спектакльді безендіруі, әрекет ету орнының жалпы көрінісі / / декорация//.

**III раунд. "Мен не бейнелейтінімді тап" мимикалық ойыны**
(қатысушыларға тапсырмалары бар парақшалар таратыңыз. Бір команда көрсетеді, екіншісі болжайды).

**Мақсаты:** жарқын бейнені жасау үшін мәнерлі мимика мен қимылдарды қолдануға үйрету.

1 к. мен лимон жеймін.

2к.ашулы ата.

1 к. жылы-суық.

2 к. жақсы таныспен кездесті.

1 к. ренжіді.

2 к. таң қалды.

1 к. сыйлық алыңыз.

2 к.мен қайғырамын.

**IV кезең "Педагогикалық жағдайлар".**

Құрметті педагогтар, педагогикалық жағдайларды шешіңіздер.

1-жағдай-бірінші команда үшін.

Балалар "Түлкі мен аю"ертегісі бойынша қуыршақ қойылымын ойнайды. Олар рөлдерді таратып, қойылымды бастады, бірақ әрекет барысында

кейіпкерлердің қайсысы не айту керектігі туралы дау туды. Сюжет "бұзылады", ал балалар біртіндеп ойынға деген қызығушылығын жоғалтады.

Сұрақтар:

1. Қазіргі жағдайды қалай шешуге болады?

2. Ойын жалғасуы үшін осы жағдайдағы әрекеттеріңізді атаңыз.

**2-жағдай-екінші команда үшін**

Балалар "Бауырсақ" ертегісін ойнауды шешеді, рөлдерді өзара бөледі, бірақ бір балаға рөл берілмейді. "Мен де ойнағым келеді!"ренжіген бала орындыққа отырады.

Сұрақтар:

1. Осы ойын жағдайын оңтайландыру бойынша Сіздің келесі әрекеттеріңіз?

2. Балабақша тобында осындай жағдайлардың алдын алу бойынша ұсыныстар дайындаңыз.

**№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы**

# Тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудағы театрлық қызметтің өзектілігі»

(баяндама)

**Ақтөбе 2024жыл**

